



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ҮКІМ

2023 жыл 11 сәуір

Іс №1952-23-00-1/6

Қаскелең қаласы
Алматы облысы

Алматы облысы Қарасай аудандық соты төрағалық етуші судья М.Ж.Кошикбаев құрамында, сот отырысының хатшысы М.Нурмагамбетова, мемлекеттік айыптаушы Н.Омербаевтың, қорғаушы адвокат Ш.Ш.Байжановтың, қорғаушы Р.С.Кумакованың, сотталушы Е.И.Казиевтің, жәбірленушілер Б.Б.Жарқынбековтың, Ж.Т.Әжібайдың, М.К.Мынжановтың, Д.К.Нургожаевтың, Е.Е.Ембердиевтің, Д.Қ.Әузенің және Е.Е.Рысбековтың қатысуымен ашық басты сот талқылауында, Казиев Еркін Имашевичке қатысты, 1966 жылы 01 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысында туылған, білімі жоғары, некеде тұрады, уақытша жұмыс істемейді, мекен-жайы: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы, Қабанбай батыр көшесі, №31 үй тұрғыны, бұрын Алматы облысы Қарасай аудандық сотының 2019 жылғы 15 қазандағы үкімімен Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 405-бабының 2-бөлігімен 1 жылға бас бостандығын шектеу жазасына сотталған, сотқа Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 380-бабының 1-бөлігімен (2017 жылғы 03 шілдедегі №84-VI Заңының редакциясымен), 405-бабының 2-бөлігінде көрсетілген қылмыстық құқықбұзушылықтарды жасады деген айыппен берілген қылмыстық істі қарап,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ

Астана қаласы Есіл аудандық сотының 2018 жылғы 13 наурыздағы шешімімен Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының арызы негізінде Қазақстан әділет органдарында тіркелмеген «Қазақстанның демократиялық таңдауы» қозғалысы (әрі қарай - ҚДТ) экстремистік ұйым деп танылған. ҚДТ қызметі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында, оның ішінде интернет желісінің Қазақстандық сегментінде істейтін интернет-ресурстарда және басқа бұқаралық ақпарат құралдарында, телекоммуникация желісінде, әлеуметтік желілерде, мессенджерлер және бейнехостингтерде, сондай-ақ ақпараттық материалдарды таратуға тыйым салынған.



Сотталушы Е.И.Казиев бұрын Алматы облысы Қарасай аудандық сотының 2019 жылғы 15 қазандағы үкімімен, ҚДТ-ның сотпен экстремистік ұйым деп танылғанын біле тұра, осы экстремистік ұйымның қызметіне қатысқаны үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 405-бабы 2-бөлігімен 1 жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасына сотталған.

ҚДТ экстремистік ұйымының қызметіне қатысқаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылғанына қарамастан, Е.И.Казиев, одан өзіне оң нәтиже шығармай, түзелу жолына түспей, ҚДТ экстремистік ұйымының қызметіне қатысуды жалғастырып, «Facebook» әлеуметтік желісі жалпы көпшілікке қол жетімді екенін анық біліп, соны пайдалану арқылы адамдарға ҚДТ экстремистік ұйымның қызметін жариялау және оның қатарына қосылуға шақыру мақсатымен, «Facebook» әлеуметтік желісінде «<http://www.facebook.com/profile.php?id=100013209482740>» электрондық аккаунт ашып, өзінің қылмыстық ойын жүзеге асыруды жоспарлаған.

2021 жылғы 16 мамырда сотталушы Е.И.Казиев өзінің тұрғылықты мекен-жайы: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелен қаласы, Қабанбай батыр көшесі №31 үйде бола тұра, өзінің қылмыстық жоспарын жүзеге асыру ниетімен, ҚДТ экстремистік ұйымның заңсыз мақсатына жету үшін «Facebook» әлеуметтік желісіндегі жоғарыда көрсетілген электрондық аккаунт арқылы көпшілік алында тікелей эфирге шығып, өзін ұялы телефонның бейнекамерасына түсіру арқылы, сонымен қоса аталған бейне жазбаны жеке парақшасында жариялап, көпшілікке ҚДТ қозғалысын және оның басшысы М.Аблязовты қолдау туралы митингілер, шерулерге шығуға үндеу жариялап, ҚДТ-ның қатарына қосылуға шақыруды үгіттеп қолдау көрсеткен.

Сотталушы Е.И.Казиев 2022 жылғы 04 қаңтарда сағат 12:00 шамасында Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелен қаласы, Қабанбай батыр көшесі 31 үйдің ауласында танысы А.Ш.Мубаракөв екеуі темірден жасалған, сыртынан тікенек сым темірлер оралған, астында дөңгелектері бар тордың ішіне кіріп алған, ал оның сыртынан Е.М.Файзуллаев, К.Ж.Атетиев, Н.Шегебекулы, Н.К.Юсупов, Б.С.Есилбеков, М.М.Сартбаев өздерін шынжырмен орап байлап, барлығы аталған темір торды итеріп Қаскелен қаласы, Қарасай батыр көшесінің бойына шығып жүре бастаған. Олар сағат 12:20 шамасында Қаскелен қаласындағы Қарасай батыр және Умирралиев көшелерінің қиылысына жеткенде, Алматы облысы, Қарасай аудандық полиция басқармасының қызметкерлері олардың заңсыз әрекеттерін тоқтатпақшы болған.

Алайда, Е.И.Казиев полиция қызметкерлерінің заңды талаптарына бағынбай, олардың заңды әрекеттеріне қарсылық көрсетіп, полиция қызметкерлеріне қатысты өмірге қауіпті емес күш қолдану мақсатымен, алдын-ала дайындап алып келген қызғылт сары түсті пластмассалық су шашатын ойыншықтан полиция қызметкерлері Б.Б.Жаркынбеков, М.К.Мынжанов, Д.К.Нургажаев, Р.Рысбеков, Ж.Т.Әжібай, Е.Е.Ембердиевтың



беттеріне қасақана түрде алкидті смола негізіндегі сары түсті бояуды шашып, олардың денсаулықтарына зиян келтірген.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ

Басты сот талқылауында сотталушы Е.И.Казиев кінәсін мойындамай, сотқа, ҚДТ ұйымының экстремистік ұйым деп танылғаны туралы соттың шешімін алмағанын, және де ондай шешімді заңды деп есептейтінін айтып, сонымен қатар, «Facebook» әлеуметтік желісі арқылы тікелей эфирге шығып, ҚДТ қозғалысын және оның басшысы М.Аблязовты қолдау туралы митингілер, шерулерге шығуға үндеу жариялап, ҚТД-ның қатарына қосылуға үгіттегенін айтып, ҚТД-ның қызметіне қатыспағанын, тек үндеулер мен үгіттеулер жүргізгенін айтты.

Одан басқа сотталушы Е.И.Казиев жауабына сәйкес, ол 2022 жылғы 04 қаңтарда Жанаөзенде болып жатқан жағдайды қолдау үшін, Қаскелен қаласының әкімшілігінің алдына барып, елде болып жағдайлар бойынша халыққа өз ойын айтпақшы болған. Біршама уақыт бұрын темір қоқыстан темір тор тауып алып, оның астында дөңгелектері болғанын, соны үйінің ауласына ит ұстау үшін әкеліп қойғанын айтқан. Оны 4 жыл бойы полиция қызметкерлері көшеге шықса ұстап алып кете беретіндіктен, жаңағы темір тордың ішіне кіріп алып, көшеге шығуды ойлаған. Оған қоса, «Қазақстан – үлкен түрме» деген символды көрсету мақсатында осы темір тормен шығуды шешкен. Содан, 2022 жылы 04 қаңтарда сағат 11 мен 12 арасында, оның үйіне 7 адам келіп, А.Ш.Мубаракوف екеуі темір тордың ішіне кіріп алған, ал оның сыртынан Е.М.Файзуллаев, К.Ж.Атетиев, Н.Шегебекулы, Н.К.Юсупов, Б.С.Есилбеков, М.М.Сартбаев өздерін шынжырмен орап байлап, барлығы аталған темір торды итеріп, көшеге қарай шыққан. Өздерімен бірге су шашатын ойыншық алып шығып, оның ішіне жай ғана сары түсті бояуды сумен араластырып құйып алған. Содан Қаскелен қаласының ішіндегі көшелермен жүріп келе жатқанда олардың алдынан полиция қызметкерлері шығып, оларды тоқтатқан. Полиция қызметкерлері оның қасындағы жігіттің біреуінің қолын қайырып жерге жатқызып жатқандықтан, ол жігіт айғайлап қиналып жатқандықтан, өзінде болған су шашатын ойыншықтан сары түсті бояуды полиция қызметкерлеріне шашып, олардың әрекеттерін тоқтатпақшы болған. Қазіргі уақытта өзіне тағылған айыппен келіспейтінін, кінәсін мойындамайтынын айтты.

Алайда, сот, сотталушы Е.И.Казиевтің тағылған айыпты мойындамайтын жауаптарына қарамастан, басты сот талқылауындағы және сотқа дейінгі алдын-ала тергеп тексеру кезінде берген сотталушының, жәбірленушілердің, куәлардың жауаптарына, сарапшының қорытындыларына саралау жүргізе отырып, оларды айыптау үкіміне негіз бола алады деген тұжырымға келеді.

Қылмыстық іс материалдарына сәйкес, Е.И.Казиевқа қатысты санкцияланған жасырын тергеу әрекеттері жүргізіліп, компьютерлерден,



серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа да құрылғылардан ақпаратты жасырын түсіріп алу жүргізілген. Аталған жасырын тергеу әрекеті барысында, Е.И.Казиевтың «Facebook» әлеуметтік желісіндегі «<http://www.facebook.com/profile.php?id=100013209482740>» электрондық akkaунт жеке парақшасынан аудио, видео, оның ішінде жарияланған видеолар, фото материалдар және басқа да файлдар скриншот жасалып алынып, олар компакт дискіге жазылған.

2021 жылғы 24 қарашадағы №5259 санды сот психолого-филологиялық сараптама қорытындысына сәйкес, зерттеуге ұсынылған Е.И.Казиевтың «Facebook» әлеуметтік желісіндегі жеке парақшасынан алынған видеодағы Е.И.Казиевтың сөйлеу әрекетінде «Қазақстанның демократиялық таңдауы» ұйымына қатысу және оның қатарына қосылуға шақыру бар.

2022 жылғы 09 наурыздағы №1701 санды сот портреттік сараптама қорытындысына сәйкес, №2228 компакт дискідегі бейне жазба кадрларында Е.И.Казиев бейнеленген.

Сотталушы Е.И.Казиевтің ҚДТ ұйымының экстремистік ұйым деп танылғаны туралы соттың шешімін алмағаны туралы уәждері шындыққа сәйкес келмейді. Себебі, жоғарыда аталғандай, Е.И.Казиев бұрын Алматы облысы Қарасай аудандық сотының 2019 жылғы 15 қазандағы үкімімен, дәл осы ҚДТ ұйымының сотпен экстремистік ұйым деп танылғанын біле тұра, осы экстремистік ұйымның қызметіне қатысқаны үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 405-бабы 2-бөлігімен 1 жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасына сотталған. Яғни, ҚДТ ұйымының экстремистік ұйым деп танылғаны туралы соттың шешімінің бар екенін, оның заңды күшінде екенін және ол шешімнің орындалуға міндетті екенін Е.И.Казиев анық білген.

Сот сотталушының ҚТД-ның қызметіне қатыспағаны, тек үндеулер мен үгіттеулер жүргізгені жөніндегі уәждерімен де келіспейді. Өйткені Е.И.Казиев «Facebook» әлеуметтік желісінде жүргізген тікелей эфирінде ҚТД ұйымының тікелей мақсатын орындауға бағытталған әрекеттер жасаған, яғни, осы экстремистік ұйымның қызметін жариялау және оның қатарына қосылуға шақыру мақсатымен, көпшілікке ҚДТ қозғалысын және оның басшысы М.Аблязовты қолдау туралы митингілер, шерулерге шығуға үндеу жариялап, ҚТД-ның қатарына қосылуға шақыруды үгіттеп қолдау көрсеткен.

Осылайша, сотталушы Е.И.Казиев ҚДТ қозғалысының заңды күшіне енген сот шешімімен экстремистік ұйым деп танылып, соған байланысты оның қызметіне тыйым салынғанын біле тұра, осы экстремистік ұйымның қызметіне қатысып, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 405-бабының 2-бөлігінде көрсетілген қылмыстық құқықбұзушылықты жасаған.

Сонымен қатар, сотталушы Е.И.Казиевтің Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 380-бабының 1-бөлігімен көзделген қылмыстық құқықбұзушылықты жасаған кінәсі келесі дәлелдемелермен расталады.

Атап айтқанда, жәбірленуші Б.Б.Жаркынбековтың жауаптарына сәйкес, ол Алматы облысы Қарасай аудандық полиция басқармасының потрульдік



полиция ротасының командирі лауазымында 2021 жылдың наурыз айынан бастап жұмыс істейді. 2022 жылдың 04 қаңтары күні сағат 08:00-де полиция аға лейтенанты Е.Рысбековпен және полиция аға лейтенанты Ж.Әжібаймен бірге қызметтік автокөлікпен Қаскелең қаласының ішіндегі бекітілген бағыт бойынша жол ережесін сақтауды бақылау және қоғамдық тәртіптің бұзылмауын қамтамасыз ету бойынша күндізгі жасаққа шыққан. Қызмет атқару барысында сағат 12:00 шамасында Қарасай аудандық полиция басқармасының шұғыл кезекшісі Қаскелең қаласындағы Умирәлиев көшесінің бойымен 2 адам темір тордың ішінде, ал 6 адам сол темір торды итеріп, көшенің бойымен заңсыз митингке шақырып және жол ережесін бұзып жүріп келе жатқаны туралы хабар берген. Осы хабарламаны тексеру үшін автокөлікпен Умирәлиев және Қарасай батыр көшесінің қиылысына қарай келген. Сол уақытта Умирәлиев көшесінің бойында темір тордың ішіне 2 адам кіріп алғанын, ал 6 адам өздерін шынжырмен темір торға байлап, оны итеріп келе жатқанын көрген. Осы адамдардың әрекеттерін тоқтатпақшы болып жүрген полиция қызметкерлері Е.Ембердиев және Б.Сопаковты көрген. Жәбірленуші Б.Б.Жарқынбековпен бірге келген және қызметтік автокөлікті басқарып отырған Ж.Әжібай жаңағы темір тордың алдын бөгеттеп, жолды жапқан, ал қалғандары автокөліктен түсіп темір торға қарай барған. Сол уақытта «Hyundai Elantra» маркалы, мемлекеттік «0503/05», борт нөмірі «185» қызметтік автокөлікпен полиция қызметкерлері М.Мынжанов, Д.Нұрғожаев, Д.Әузе келген. Темір тордың ішінде сотталушы Е.И.Казиевпен бірге тағы бір ер адам болған, олардың қолдарында сары-жасыл түсті су шашатын ойыншық тапаншалар болған. Аталған адамдар полиция қызметкерлерінің заңды талаптарын орындамай, темір тордың ішіндегі екі адам ойыншық тапаншалардан полиция қызметкерлерінің бетіне сары түсті сұйықтық шашқан. Сол кезде Б.Б.Жарқынбеков темір тордағы адамдардың заңсыз әрекеттерін тоқтату мақсатында темір торға жақындаған уақытта, Е.И.Казиев оның бетіне бағыттап қасақана түрде қолындағы су шашатын ойыншық тапаншадан сұйықтық шашып жіберген, соның салдарынан жәбірленушінің беті ашып кеткен және бетінің терісі күйген. Ойыншық тапаншадан шашылған сұйықтық сары түсті болған, оның спецификалық иісі бар. Одан соң, осы адамдардың заңсыз әрекеттерін тоқтату үшін темір кесетін құрылғыларды алып келіп, темір торға шынжырмен байланып алған адамдардың шынжырларын және оған бекітілген темір құлпыларды кесіп оларды босатқан. Одан кейін темір тордың бір бөлігін бұзып ашып, ішіндегі екі адамды шығарып, барлығын қызметтік автокөліктермен полиция басқармасына жеткізген.

Сот отырысында жәбірленуші ретінде сұралған Ж.Т.Әжібай өзінің 2018 жылдан бері Алматы облысы Қарасай аудандық полиция басқармасының патрульдік полиция ротасының инспекторы лауазымында жұмыс істейтінін айтқан. 2022 жылы 04 қаңтарда сағат 08:00-де полиция аға лейтенанты Е.Рысбеков, рота командирі Б.Жарқынбеков үшеуі қызметтік автокөлікпен Қаскелең қаласының ішіндегі бекітілген бағыт бойынша жол ережесін



сақтауды бақылау және қоғамдық тәртіптің бұзылмауын қамтамасыз ету бойынша күндізгі жасаққа шыққан. Сол күні түскі сағат 11:55 шамасында кезекші бөлімнен Қаскелен қаласы, Умирәлиев көшесінің бойымен заңсыз шеруге шыққан азаматтар жиналып келе жатқаны туралы хабарлама түскен. Осы хабарламаны естіп, олар автокөлікпен Умирәлиев және Қарасай батыр көшесінің қиылысына қарай жеткен. Сол уақытта Умирәлиев көшесінің бойында темір тордың ішіне 2 адам кіріп алғанын және соны сүйреп бара жатқан бір топ адамдарды көрген. Темір тордың ішінде болған сотталушы Е.И.Кәзиев «шығындар қазақтар, қорықпаңдар» деп айғайлап, қоғамды заңсыз шеруге шығуға шақырып жатқан. Сол уақытта басқа да полиция қызметкерлері Б.Сопакөв, М.Ережепов, Е.Ембердиев, М.Мынжанов, Д.Нұрғожаев, Д.Әузе келген. Олар барлығы жаңағы темір торды тоқтатып, автокөліктер жүріп жатқан көшеден шығаруға әрекет жасап жатқан. Осы уақытта темір тордың ішіндегі Е.И.Кәзиев пластмассада жасалған ойыншық су шашатын тапаншадан олардың, яғни полиция қызметкерлерінің беттеріне сары түсті сұйықтық шаша бастаған. Сол мезетте Ж.Т.Әжібай темір торды ұстаған уақытта Е.И.Кәзиев оның бетіне сары түсті сұйықтық шашып жіберген, соның салдарынан беті ашып кеткен. Сондықтан, ол темір торды жібере салып бетін жауып шетке қарай шығып кеткен. Сол уақытта Умирәлиев және Қарасай батыр көшесінің бойында автокөліктер жиналып қалып, кептеліс болып кеткен. Оған рота командирі Б.Жарқынбеков автокөліктер кептелісін реттеу туралы бұйрық берген, сол себепті Ж.Т.Әжібай екі көшенің қиылысындағы бағдаршамға қарай кеткен және автокөліктер кептелісін реттеген. Ал, темір тордың ішіндегі адамдарды сол жерде болған басқа полиция қызметкерлері шығарған, алайда қалай шығарғанын Ж.Т.Әжібай көрмеген. Сосын қызметтік автокөліктермен жаңағы адамдарды полиция басқармасына жеткізген.

Жәбірленуші М.К.Мынжанов өзінің Қарасай аудандық полиция басқармасының патрульдік полиция ротасының взвод командирі лауазымында 2021 жылдан бастап жұмыс істеп келе жатқанын айтқан. 2022 жылы 04 қаңтарда сағат 08:00-де рота инспекторлары Д.Қ.Нұрғажәевпен және Д.Қ.Әуземен бірге қызметтік автокөлікпен Қаскелен қаласының ішінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша күндізгі патрульге шыққан. Сол күні сағат 12:00 шамасында кезекші бөлімінің кезекшісінен рация арқылы Қаскелен қаласындағы Умирәлиев көшесінің бойында 2 адам темір тордың ішіне кіріп алған және оларды бірнеше азаматтар жолдың бойымен итеріп келе жатыр деген хабарлама алған. Осы хабарламаны тексеру үшін қызметтік автокөлікпен Умирәлиев және Қарасай батыр көшесінің қиылысына қарай келген. Сол жерде қолдан жасалған темір тордың ішіне 2 адам кіріп алған, оның қасында өздерін темір торға шынжырмен байлап алған 6 адам болған. Осы темір торды полиция қызметкерлері алдынан шығып тоқтатқан. Темір торды тоқтатып тұрған қызметкерлер арасынан көргені рота инспекторлары Е.Рысбеков және Ж.Әжібай, рота командирі Б.Жарқынбеков, инспекторы Е.Ембердиев болған. Темір тордың ішінде сотталушы Е.И.Кәзиев және тағы



бір ер адам болған. Е.И.Казиевтің қолынан сары-жасыл түсті су шашатын ойыншық тапаншаны көрген. М.К.Мынжанов темір торға жақындай бергенде Е.И.Казиев оның бетіне қарай сұйықтық шашып жіберген. Соның салдарынан беті ашып кеткен, содан бетін жауып шетке қарай шығып кеткен. Ары қарай, сол жердегі барлық полиция қызметкерлері темір торға өздерін шынжырмен байлап алған азаматтарды шешіп алып, одан кейін темір тордың ішіндегі екі азаматты шығарып, оларды қызметтік автокөліктермен полиция басқармасына жеткізген.

Жәбірленуші Д.К.Нургажаев өзінің 2014 жылдан бері Қарасай аудандық полиция басқармасының патрульдік полиция ротасының инспекторы лауазымында жұмыс істейтінін айтқан. 2022 жылдың 4 қаңтар күні 08 сағат 00 минутта ол ротаның взвод командирі М.Қ.Мынжановпен және рота инспекторы Д.Қ.Әуземен бірге қызметтік автокөлікпен Қаскелен қаласының ішіндегі бекітілген бағыт бойынша жол ережесін сақтауды бақылау және қоғамдық тәртіптің бұзылмауын қамтамасыз ету бойынша күндізгі жасаққа шыққан. Қызмет атқару барысында сағат 12:00 шамасында кезекші бөлімнен рация арқылы Қаскелен қаласындағы Умиралиев көшесінің бойында 2 адам темір тордың ішіне кіріп алып, оларды бірнеше азамат жолдың бойымен итеріп келе жатқаны туралы хабарлама берілген. Осы хабарламаны тексеру үшін қызметтік автокөлікпен Умиралиев және Қарасай батыр көшесінің қиылысына қарай келген. Аталған жерде қолдан жасалған темір тордың ішіне 2 адам кіріп алғанын, оның қасында өздерін темір торға шынжырмен байлап алған 6 адам болғанын, олар көшенің бойындағы жол жүру ережесін сақтамай, адамдарды заңсыз митингке шығуға шақырып жатқанын көрген. Сол адамдардың заңға қайшы әрекеттерін тоқтату үшін полиция қызметкерлері алдынан шығып тоқтатып алған екен. Қарасай Рота инспекторлары Е.Рысбеков пен Ж.Әжібай, рота командирі Б.Жарқынбеков, инспектор Е.Ембердиев осы темір торды тоқтатып, оның шетіндегі адамдарды ұстап тұрған. Темір тордың ішінде Е.И.Казиев пен тағы бір ер адам болған, олардың қолдарында сары-жасыл түсті су шашатын ойыншық тапаншалар болған. Полиция қызметкерлерінің заңды талаптарын орындамай, темір тордың ішіндегі екі адам ойыншық тапаншалардан полиция қызметкерлерінің бетіне бір сұйықтық шаша бастаған. Д.К.Нургажаев темір тордағы адамдардың заңсыз әрекеттерін тоқтату мақсатында темір торға жақындаған уақытта Е.И.Казиев оның бетіне бағыттап қолындағы су шашатын ойыншық тапаншадан сары түсті бір сұйықтық шашып жіберген. Соның салдарынан оның беті ашып кеткен және бетінің терісі күйген. Ойыншық тапаншадан шашылған сұйықтықтың спецификалық иісі бар, яғни жанармай не бояу еріткіш құрамы болған. Содан, полиция қызметкерлері осы адамдардың әрекеттерін тоқтатып, темір кесетін құрылғыларды алып келіп, темір торға шынжырмен байланып алған адамдардың шынжырларын және оған бекітілген темір құлпыларды кесіп оларды босатқан. Одан кейін темір торды бұзып ашып, ішіндегі екі адамды



шығарып, барлығын қызметтік автокөліктермен полиция басқармасына жеткізген.

Жәбірленуші Е.Е.Ембердиев өзінің қазіргі уақытта Қарасай аудандық полиция басқармасының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі аға инспекторы лауазымында 2019 жылдан бастап жұмыс істінін айтқан. 2022 жылы 04 қаңтарда сағат 08:00-де Қаскелен қаласының ішіндегі қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және профилактикалық жұмыстар жүргізу мақсатында полиция басқармасының арнайы қабылдау және тарату бөлімінің бастығы Б.Қ.Сопиков екеуі Қаскелен қаласының ішіндегі Аймаутова, Алимкулов, Қарасай батыр және Абен Өмірәлі көшелірінің бойынша қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша күндізгі патрульге жіберілген. Сол күні түскі сағат 12:00 шамасында Б.Қ. Сопиков екеуі қызметтік автокөлікпен Аймаутова көшесімен шығыс бағытта келе жатқан кезде қолдан жасалған темір тордың ішіне 2 адам кіріп алғанын, оның қасында өздерін темір торға шынжырмен байлап алған 6 адам сол темір торды сүйреп келе жатқанын көрген. Олар сол адамдардың қасынан өтіп барып автокөлікпен тоқтаған. Көрген жағдайды Б.Қ.Сопиков ұялы телефон арқылы полиция басшылығына хабарлаған. Жоғарыда көрсетілген тұлғалар көшенің бойымен автокөліктердің қозғалысына кедергі келтіріп, жол ережесі қауіпсіздігін сақтамай бара жатқанын және «біз Жаңаөзенді қолдаймыз, қазақтар шығындар» деп айғайлап, адамдарды заңсыз митингке шығуға шақырып бара жатқанын көрген. Олар Аймаутов көшесінен Макашов көшесіне бұрылған. Осы кезде полиция қызметкерлері олардың әрекеттерін тоқтату үшін Макашов және Гоголь көшелерінің қиылысында автокөлікпен тоқтап, сол темір торға жаяу барып, олардың әрекеттері заңсыз екенін ескертіп, «тоқтаңыздар» деп айтып тоқтатуға тырысқан. Алайда, олар полиция қызметкерлерінің заңды талаптарына бағынбай, сол бойы көшенің бойымен темір торды итеріп жүруді жалғастырған. Сол себептен полиция қызметкерлерінің темір торды тоқтатуға күштері жетпеген. Аталған адамдар темір торды итеріп Қарасай батыр көшесіне қарай түскен, одан кейін аталған көшемен Умиралиева көшесінің қиылысына жеткенде басқа да полиция қызметкерлері Д.Әузе, Д.Нургажаев, Б.Жаркынбеков, М.Мынжанов, Р.Рысбеков, Ж.Әжібай келіп, барлығы бірге осы темір торды тоқтатқан. Сол уақытта темір тордың ішінде болған Е.И.Казиев сары-жасыл түсті су шашатын ойыншық тапаншадан полиция қызметкерлеріне сары түсті сұйықтық шаша бастағанын көрген. Содан ол адам нақты Е.Е.Ембердиевтің бетіне қаратып тұрып сары түсті сұйықтық шашып, ол сұйықтық сол жақ беті мен көзіне тиген. Салдарынан көзі мен беті ашып кеткен, сол себепті бетін жауып артқа қарай шегініп кеткен. Содан, көзін сүртіп, жаңағы темір торға қайта барған, сол уақытта Е.И.Казиев темір тордың ішінде тұрып тағы ойыншық тапаншадан оның бетіне көздеп сұйықтық шашып, ол тағы сол жақ көзіне тиіп, тағы шегініп кеткен. Содан, полиция қызметкерлері осы адамдардың әрекеттерін тоқтатып, темір кесетін құрылғыларды алып келіп, темір торға шынжырмен байланып алған адамдардың шынжырларын және



оған бекітілген темір құлпыларды кесіп оларды босатқан, одан кейін темір торды бұзып ашып, ішіндегі екі адамды шығарып, барлығын қызметтік автокөліктермен полиция басқармасына жеткізген.

Жәбірленуші Д.Қ.Әузе өзінің жауабында 2012 жылдан бастап Қарасай аудандық полиция басқармасының патрульдік полиция ротасының инспекторы лауазымында жұмыс істейтінін айтқан. 2022 жылы 04 қаңтарда сағат 08:00-де рота инспекторы Д.Қ.Нургажаевпен және взвод командирі М.Қ.Мынжановпен бірге қызметтік автокөлікпен Қаскелен қаласының ішінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша күндізгі патрульге шыққан. Сол күні сағат 11:00 мен 12:00 арасында кезекші бөлімінің кезекшісінен рация арқылы Қаскелен қаласындағы Умиралиев көшесінің бойында 2 адам темір тордың ішіне кіріп алғаны және оларды бірнеше азаматтар жолдың бойымен итеріп келе жатқаны жөнінде хабарламаны алған. Осы хабарламаны тексеру үшін қызметтік автокөлікпен Умиралиев және Қарасай батыр көшесінің қиылысына келген. Сол жерде қолдан жасалған темір тордың ішіне 2 адам кіріп алғанын, оның қасында өздерін темір торға шынжырмен байлап алған 6 адам болғанын көрген. Осы темір торды полиция қызметкерлері алдынан шығып тоқтатып алған екен. Темір торды тоқтатып тұрған қызметкерлер арасынан көргені рота инспекторлары Е.Рысбеков пен Ж.Әжібай, рота командирі Б.Жарқынбеков, инспектор Е.Ембердиев болған. Темір тордың ішінде Е.И.Казиев пен тағы бір ер адам болған. Осы темір тордың ішіндегі 2 адамның қолында сары-жасыл түсті су шашатын ойыншық тапаншалар болған. Полиция қызметкерлері темір торды тоқтатуға бағытталған әрекеттер жасаған уақытта темір тордың ішіндегі екі адам ойыншық тапаншалардан полиция қызметкерлерінің бетіне бағыттап бір сұйықтық шаша бастаған. Е.И.Казиев темір тордың алдыңғы жағынан келген қызметкерлердің бетіне сұйықтық шашып жатқан, сол уақытта Д.Қ.Әузе темір тордың артқы жағынан келген уақытта екінші ер адам ойыншық тапаншадан нақты оның бетіне бағыттап сұйықтық шашқан, соның салдарынан оның беті ашып және күйген, сол себептен ол бетін жауып шетке қарай шегінген. Содан кейін сол жердегі барлық полиция қызметкерлері темір торға өздерін шынжырмен байлап алған азаматтарды шешіп алған, одан кейін темір тордың ішіндегі екі азаматты шығарып, оларды қызметтік автокөліктермен полиция басқармасына жеткізген.

Дәл осындай жауапты жәбірленуші Алматы облысы Қарасай аудандық полиция басқармасының патрульдік полиция ротасының қызмет инспекторы Е.Е.Рысбеков та көрсеткен.

2022 жылғы 05 қаңтардағы №60 сот медициналық сараптама қорытындысына сәйкес, Д.Қ.Нургажаевтың жарақаты: бетінің 1-ші дәрежелі химиялық күйігі – химиялық заттың әсерінен пайда болуы мүмкін, денсаулыққа келтірілген жеңіл дәрежелі зиян деп бағаланады.

2022 жылғы 05 қаңтардағы №62 сот медициналық сараптама қорытындысына сәйкес, Е.Е.Ембердиевтың жарақаты: сол және оң қол ұштарының сызаттары – көлемі шектеулі қатты доғал заттардың әсерінен



пайда болуы мүмкін. Бетінің 1-ші дәрежелі химиялық күйігі – химиялық заттың әсерінен пайда болуы мүмкін, денсаулыққа келтірілген жеңіл дәрежелі зиян деп бағаланады.

2022 жылғы 05 қаңтардағы №63 сот медициналық сараптама қорытындысына сәйкес, М.К.Мынжановтың жарақаты: бетінің 1-ші дәрежелі химиялық күйігі – химиялық заттың әсерінен пайда болуы мүмкін, денсаулыққа келтірілген жеңіл дәрежелі зиян деп бағаланады.

2022 жылғы 05 қаңтардағы №64 сот медициналық сараптама қорытындысына сәйкес, Б.Б.Жаркынбековтың жарақаты: бетінің 1-ші дәрежелі химиялық күйігі – химиялық заттың әсерінен пайда болуы мүмкін, денсаулыққа келтірілген жеңіл дәрежелі зиян деп бағаланады.

2022 жылғы 05 қаңтардағы №65 сот медициналық сараптама қорытындысына сәйкес, Ж.Т.Әжібайдың жарақаты: бетінің 1-ші дәрежелі химиялық күйігі – химиялық заттың әсерінен пайда болуы мүмкін, денсаулыққа келтірілген жеңіл дәрежелі зиян деп бағаланады.

2022 жылғы 05 қаңтардағы №59 сот медициналық сараптама қорытындысына сәйкес, Е.Е.Рысбековтың жарақаты: оң қолының 3-ші саусағының соғылған жарасы – көлемі шектеулі қатты доғал заттардың әсерінен пайда болған, денсаулыққа келтірілген жеңіл дәрежелі зиян деп бағаланады.

2022 жылғы 05 қаңтардағы №61 сот медициналық сараптама қорытындысына сәйкес, Д.Қ.Әузенің жарақаты: бетінің 1-ші дәрежелі химиялық күйігі – химиялық заттың әсерінен пайда болуы мүмкін, денсаулыққа келтірілген жеңіл дәрежелі зиян деп бағаланады.

Сонымен қатар, сотталушының кінәсі куә М.Али-Ақпардың жауаптарымен де расталады. Куә жауабында өзінің 2006 жылдан бастап травматолог дәрігер ретінде жұмыс істеп келе жатқанын, өзінің Қарасай, Іле, Еңбекшіқазақ аудандық орталық ауруханаларында жұмыс істегенін айтқан. 2015 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Іле аудандық орталық ауруханасында травматолог дәрігер болып жұмыс істейді. 2019 жылдан бастап негізгі жұмысынан бөлек Қарасай аудандық орталық ауруханасында қосалқы травматолог дәрігер болып жұмыс істейтінін айтқан. 2022 жылы 04 қаңтарда ол таңертеңгі сағат 08:00-де Қарасай аудандық орталық ауруханасына травматолог дәрігер ретінде тәуліктік кезекшілікке түскен. Кезекшілік барысында түстен кейін шамамен 16:00-17:00 арасында Қарасай аудандық орталық ауруханасына түскен хабарлама бойынша Қаскелен қаласында митингке шыққан азаматтарды ұстау барысында полиция қызметкерлері жарақат алды деген хабарлама бойынша жарақат алған полиция қызметкерлерін қарап-тексеру және медициналық көмек көрсету үшін медициналық жедел-жәрдем автокөлігімен Қарасай аудандық полиция басқармасына барған. Барған кезде 7 полиция қызметкері шағыммен келгенін айтқан. Полиция қызметкерлерінің айтуы бойынша ұсталған адамдар ойыншық су шашқыш тапаншадан олардың беттеріне және көздеріне сары түсті бояуы бар, спецификалық иісі бар сұйықтық шашқан. Шағыммен



келген полиция қызметкерлерінің бет аймақ терісінде қызарып, ісінген белгілері болғанын, сонымен қоса бет аймағын қолмен ұстау кезінде ауырсыну байқалғанын айтқан. Қарап-тексерген полиция қызметкерлеріне тиісті анықтама жазып берген, яғни 6 полиция қызметкеріне берген анықтамада «беттің 1 дәрежедегі химиялық күйігі» деген диагнозды көрсеткен, оның ішінде бір полиция қызметкеріне қосымша «екі қолының сырылған жарасы» деген диагнозын көрсеткен. Сонымен қатар, 1 полиция қызметкерінің қол саусағында жыртылған жарасы болды, саусағынан қан ағып тұрған. Осы полиция қызметкерін аурухананың жарақат бөліміне алып барып, жарақат орнын танып берген, оған берген анықтамада «оң қолының 3 саусағының жыртылған жарасы» деген диагнозды көрсеткенін айтқан.

Сотталушы Е.И.Казиевтің темір торды жолдың шетімен итеріп келе жатқаны, ешкімге кедергі жасамағаны, сондықтан оның тарапынан ешқандай заң бұзушылық болмағаны, полиция қызметкерлерінің әрекеттері заңсыз болғаны жөніндегі уәждерін сот негізсіз деп санайды. Нақтырақ айтқанда, сот тергеуінде зерттелген оқиғаның бейнежазбасында Е.И.Казиевтің темір торды жолдың шетімен емес, ортасымен итеріп жүргізу қажет деп айтқаны, темір торды жол ережесі қауіпсіздігін сақтамай, автокөліктерге кедергі жасап жолдың ортасымен жүргізгені бейнеленген. Сонымен қатар, сотталушы Е.И.Казиев пен оның жанындағы тұлғалар айқайлап, адамдарды заңсыз митингке шығуға шақырып бара жатқаны бейнеленген.

Алматы облысы Қарасай әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының 2022 жылғы 05 қаңтардағы қаулысымен Е.И.Казиев Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 434-бабының 1-бөлігімен қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын әрекеттер жасағаны үшін кінәлі деп танылып, 7 тәулікке әкімшілік қамаққа алу түріндегі әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Яғни, оқиға болған уақытта сотталушы Е.И.Казиевтің тарапынан құқықбұзушылық орын алған, және полиция қызметкерлерінің әрекеттері осы құқықбұзушылықты тоқтатуға бағытталған.

Осылайша, сотталушы Е.И.Казиев Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 380-бабының 1-бөлігінде (2017 жылғы 03 шілдедегі №84-VI Заңының редакциясымен) көрсетілген қылмыстық құқықбұзушылықты жасаған, яғни, билік өкілінің өз қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты оған қатысты өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш қолданған.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 52 бабы 2 және 3 бөлімінің талаптарына сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға оның түзелуі және жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін қажетті және жеткілікті жаза тағайындалуға тиіс. Егер жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазаның онша қатаң емес түрі жазаның мақсатына жетуді қамтамасыз ете алмайтын болса ғана, ол үшін көзделгендері арасынан неғұрлым қатаң жаза түрі тағайындалады.



Жаза тағайындау кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі, кінәлі адамның жеке басы, оның ішінде құқық бұзушылық жасағанға дейінгі және одан кейінгі оның мінез-құлқы, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар, сондай-ақ тағайындалған жазаның сотталған адамның түзелуіне және оның отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалы ескеріледі.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 53 және 54-баптарына сәйкес сот сотталушы Е.И.Казиевтың жазасы мен жауапкершілігін жеңілдететін және жауапкершілігі мен жазасын ауырлататын мән-жайлар анықталған жоқ.

Сот, сотталушыға жаза тағайындау барысында жазаның түрі мен мөлшерін белгілегенде, жасалған қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін, қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлардың жоқ екендігін назарға алып, сотталушының бұрын дәл осындай қылмыс жасағаны үшін сотты болып, одан тиісті тұжырым жасамай, түзелу жолына түспей, қасақана тағы да сондай қылмысын қайталап отырғанын ескеріп, сотталушының түзелуі үшін бас бостандығынан айыру жазасын тағайындау керек деген тұжырымға келді.

ҚАРАР БӨЛІГІ

Жоғарыдағылардың негізінде, ҚР ҚПК-нің 387-406 баптарын басшылыққа ала отырып,

ҮКІМ ЕТТІ:

Казиев Еркын Имашевич Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 380-бабының 1-бөлігінде (2017 жылғы 03 шілдедегі №84-VI Заңының редакциясымен) көрсетілген қылмыстық құқықбұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылсын және оған осы баппен 2 (екі) жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалсын.

Казиев Еркын Имашевич Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 405-бабының 2-бөлігінде көрсетілген қылмыстық құқықбұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылсын және оған осы баппен, әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси тақырыптар бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде мақалаларды, репортаждарды, бейнематериалдарды жариялау құқығынан 3 (үш) жылға айыра отырып, 1 (бір) жыл 6 (алты) айға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалсын.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 58-бабының 2-бөлігінің негізінде онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы Казиев Еркын Имашевичке түпкілікті, әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси тақырыптар бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде мақалаларды, репортаждарды, бейнематериалдарды



жариялау құқығынан 3 (үш) жылға айыра отырып, 2 (екі) жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалсын.

Казиев Еркын Имашевичке қатысты бас бостандығынан айыру жазасы қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерінде өтелсін.

Жазаны өтеу мерзімі үкім заңды күшіне енген күннен басталсын.

Казиев Еркын Имашевичке қатысты «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы өзгеріссіз қалдырылсын.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 62-бабының 3-бөлігінің негізінде жаза мерзіміне Казиев Еркын Имашевичтің 2022 жылғы 27 қазаннан бастап үкім заңды күшіне енгенге дейінгі қамауда болған уақытының бір күні тағайындалған жаза мерзімінің екі күні есебімен есептелсін.

Казиев Еркын Имашевичтен Қазақстан Республикасының Жәбірленушілерге өтемақы қорының пайдасына 45 945 (қырық бес мың тоғыз жүз қырық бес) теңге көлемінде мәжбүрлі төлем өндірілсін.

Іс бойынша заттай дәлелдеме ретінде танылған, Алматы облысы Қарасай аудандық полиция басқармасының сақтау камерасында сақталған, 2 дана темір құлыптар, темір тордың фрагменті, сары түсті сұйықтығы бар «STATUS» жазуы бар бояу банкасы, сары түсті сұйықтығы бар «Уайт спирит» жазуы бар пластмасса бөтелке, сары түсті су шашатын 2 дана ойыншық тапанша, «STATUS» жазуы бар бояу банкасынан алынған сұйықтығы бар арнайы құты, «Уайт спирит» жазуы бар бөтелкеден алынған сұйықтығы бар арнайы құты, сары түсті су шашатын ойыншық тапаншалардан алынған сұйықтығы бар 2 дана арнайы құтылар, 3 дана қырлы темір, тікенек сым темір орамасы, 2 дана тікенек сым темір үлгісі, қанға ұқсас қызыл қоңыр түсті дақтары бар тампон жойылсын.

Іс бойынша заттай дәлелдеме ретінде танылған, Алматы облысы Қарасай аудандық полиция басқармасының сақтау камерасында сақталған 2 дана арнайы жарықшағылыстырғыш көкірекшелер Алматы облысы Қарасай аудандық полиция басқармасына қайтарылсын.

Іс бойынша басқа заттай дәлелдемелер қылмыстық іс материалдарымен бірге сақталсын.

Казиев Еркын Имашевичтен мемлекет пайдасына 132 695 (жүз отыз екі мың алты жүз тоқсан бес) теңге көлемінде сот сараптамаларын өткізуге жұмсалған сот шығындары өндірілсін.

Апелляциялық шағым немесе апелляциялық өтінішхат үкім жария етілген күннен бастап он бес тәулік ішінде Алматы облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасына Алматы облысы, Қарасай аудандық соты арқылы берілуі мүмкін, ал күзетпен ұсталатын сотталған адам үкімнің көшірмесін алған күннен бастап дәл сондай мерзімде бере алады.

Судья

М.Ж. Кошикбаев



Көшірмесі дұрыс

Судья

М.Ж. Кошикбаев



Құжатқа қол қойылған: Кошикбаев М. Ж., 17.04.2023

